


83.3(240303)
X-88
Kas. 201

ТҰРСЫН ЖҰРТБАЕВ ТАЛҚЫ



ТҰРСЫН
ЖҰРТБАЕВ

ТАЛҚЫ

АЛМАТЫ «ҚАЗАҚСТАН» 1997 ж.

ББК 83. Қаз

Ж 88

Жұртбаев Т

Ж 88 Талқы.— Алматы: Қазақстан, 1997—368 бет

ISBN 5-615-01815-1

Әлемдік сөз өнерінің XX ғасырдағы ұлы тұлғаларының М. Әуезовтың бүкіл өмірбаяны мен шығармашылық жолы мен тағдырдың, тарих пен танымның, тарихи тұлға мен жеке тұлғаның талқысына құрылған аса күрделі жол. Ол 20-жылдардың соңында тағдыр тәлкегі боп басталған қудалаудан бертінге қайтатын нұтыла алмады. Жазушы Т. Жұртбаев ұлы қаламгердің осы тауқыметке ұшыратқан шығармаларының жазылу тарихымен өміріндегі ниын белестерді салыстыра отырып талдап, пікір айтады. 1929—1932 жылдары Әуезовтың түрмедегі тергеу ісі, 1938 жылдардағы қысымдар, қудалану кезеңдері, жазықсыз шегулері туралы архив деректері алғаш рет оқырманға ұсынылып отыр.

4702250200—03

401(05)—97

21—96

ББК 83.3

ISBN 5-615-01815-1

© Т. Жұртбаев, 1997

ТАРИХ ТАЛҚЫСЫ

1. Ұлттық Тағдыр,
Тұлға және Тарихи Көзқарас

Таным талқысына салсақ: тағдырыша сенбе, тарихқа сен, өйткені ол бәрін де өз орнына қояды деген қағида жай ғана көңіл жұбату үшін айтылған қағида.

Шындығына келсек, тағдырдың аты — тағдыр. Ол сені ешқашанда алдамайды. Егер Жаратқанның жаратқан кәдімгі пендесі болсаң, онда өткенің — өтті, кешкенің — кетті, көрерің — көз алдында. Тағдыр — маңдайыңа жазылған қыл көпір. Жүргің келсе де жүресің, жүргің келмесе де жүресің. Оңға не солға бұрылмайсың, кейін де шегінбейсің. Себебі, артыңнан өзінің жазмыш жолымен жүріп келе жатқан тұлға, топ, тобыр, мүмкін ұлт желкелеп келеді. Олар сенің ырқыңа көнбейді. Лықсытып белгісіз күнге қарай ілгері итермелейді. Егер, мемлекет не ұлт болсаң, онда — соғысатын дұшпаныңмен соғыстың, табысатын досыңмен табыстың. Жеңдің не жеңілдің. Енді сол тағдыр талқандап немесе кемеліне келтіріп кеткен күймен келешегіңе қадам басасың.

Тағдырдың әділеттілігі осында. Оған ешкімнің үкімі жүрмейді, оны ешкім өзгертпейді, өзгерте алмайды да.

Ал тарих — әділетсіз. Өйткені ол сол тарихи тұжырымды қалыптастыратын көзқарасқа тікелей кіріптар. Адамзат тарихын жәйе ол туралы пікірлерді таным талқысынан өткізсеңіз, бірде-бір мемлекеттің, бірде-бір тұлғаның Тағдыры жазылмаған, солар туралы} көзқарастардың жиынтығы баяндалған. Ал ешқандай көзқарас абсолюттік шындықтың кепілі бола алмайды. Ол көзқарасты күшпен, үгітпен, идеологиямен, ұлттық сезіммен, ұлы тектік/не державалық астамшылық пиғылымен қалыптастыруға болады және дәл осы заманға дейін Леофоль Фон Ранке айтқандай:

«Дүние жүзінің тарихы — Батыстың тарихы» болып келді.

Ешқандай ұлттың, ұлыстың, мемлекеттің, жеке тұлғаның тарихы — белгілі бір нысаналық идеологиялық мүддесіз хатқа түскен емес.

Ең әділ пікірдің өзі — әділетсіз пікірге қарсы айтылған уәж. Сондықтанда дәл кәзіргі кезеңде өктемдік көзқарастың үстемдігін жүргізуші тарихтың өзін әділетті ғылым деп қарауға болмайды. Ол әрбір заманның құлығына байланысты құбылып отырады. Бұл — заңдылық.

Македонский, Цезарь, Наполеон, Петр тарихтың шығыршығын қалай шыр айналдырса, Аттила — Еділ мен Шыңғыс, Бейбарыс та дүниені және қоғамдық құрылысты солай өзгертті. Алдыңғылары аңыз бен даңқтың тұғырына көтерілді, соңғылары қарғысқа көмілді. Тағдыр оларды өз заманының ұлы қолбасшылары етті, жер жаһанды жаулап алуға мүмкіндік берді. Қайсысының төккен қаны көп, оны ешкім де өлшеген емес. Бірі — бір ұлысты, екіншісі — екі ұлысты жойып жіберді деп ешкім де кепілдік бермейді. Наполеон мемлекеттік басқару жүйесіне демократияны әкелді, қаракөктердің — монархияның тағын шайқалтты. Аттила — Еділ римдік құлдық қоғамды жойды. Өзге қолбасшыларды салыстырмай-ақ қояйық, дәл осы екеуінің адамзат тіршілігіне әкелген ұлы төңкерісінің тарихи маңызы бірдей еді деп қарағанмен де: неге біреуі — даңқ пен дақпыртқа бөленген, неге екіншісі — тағылық пен тасырлықтың қаралы киімін жамылған?

Тіпті, әуелде Наполеонды жек көрінішті етіп сайқымазақ еткен данышпан Пушкин, неге араға он жыл салып барып оны жайсаң жаһангер ретінде шабыттана дәріптеді? Карл Ясперс айтқандай:

«Адам өмір сүрген жерде тарих бар. Тарих барлығына ортақ... Тарихи тұрғыдан алғанда судандық негрлердің күресі Марафон мен Саламин **шайқасымен** бірдей **мәнге** ие».

Иә, Наполеон мен Аттиланьың — Еділдің тағдыры бір, Екеуінің қан төге отырып басқару құрылымына, адамның рухани еркі мен бас бостандығының өлшеміне, әлеуметтік және тектік теңдігіне енгізген түбірлі өзгерістері де қарайлас. Бірақ, олар көрген тағдырдың талқысы ортақ болса да, тарихың екеуіне берген бағасы керағар. Ендеше, тарихи көзқарас ешқашан да абсолютті шындықтың иесі бола алмайды. Теңгермешілдік те оған өл-

шем емес. Тарих — Тұлғаның немесе мемлекеттің тағдыр талайын салыстырмалы түрде орынына қояр, бірақ дәл сол орын оның — тұлғаның, ұлттың, мемлекеттің өз орны болуы неғайбыл. Үшінші бір шындыққа бір табан жақындауы мүмкін. "

Тек бір бағытты ғана бетке алып, бір ғана ұлттың, мемлекеттің, құрылықтың, діни ағымның мүддесімен қалыптасқан тарихи көзқарас-тағылымсыз, танымсыз, тағдырсыз, ең бастысы түрлаусыз көзқарас.

Ақыл мен ойдың, ғылымның кемеліне келген қазіргі замандағы кез-келген мемлекеттің тарихы — сол елдің мүддесін көздейтін, өткеннің оқиғасының өзін бүгіннің көзқарасына бейімдеп, тігісін жатқызып жазылған тарих. Бұған кез-келген тарихи оқулықты дәйек етуге болады. Мысалы, бүгінгі Америка тарихы — Вашингтоннан басталады, бірақ ол үндістердің тарихы емес. Кейінгі үш ғасырда дүние жүзінің тарихы еуропалық үстемдік тұрғысынан жазылып келеді. Бұл көзқарас ісі адамзаттық ортақ рухани өлшем ретінде мойындалып, жаппай санамызға сіңісті заңдылыққа айналды. Ал еуропалық шеңберден шалғай ұлт пен ұлыс — рухани тәуелді, танымы жаттың көзқарасына таңылған басыбайлы топ қосалқы зерттеу бөлшегі ретінде қаралады. Мұндай сананы тұмандатқан кіріптарлықтан бодан ұлтын бостандыққа жеткізген Джавахарлал Неру сияқты данышпандар да құтыла алмаған. Дәл осындай күйді адамзаттың көркем ойының дамуына дана ретінде үлес қосқан Мұхтар Әуезов те кешкен. Нерудің «Индияны тану» атты кітабындағы:

«Индияның бүкіл болмысы **менің** қанымда қайнап тұр, оның бойындағы құбылыстардың **барлығы** менің жандүниемді қатты тебірентеді. Сонда да, мен өзімнің еліме, оның, бүгінгі күніне, өзім байқаған өткеннің сарқыншақтарына жат адамның көзімен және сондай жеккөрінішпен қарадым. Мен өз елімді Батыстың **көзқарасы** арқылы таныдым және кәдімгі достық пейілдегі еуропалық оған **қалай** қараса, мен де сондай дәрежеде ғана түсіндім. Өйткені менің елімнің тарихы **ағылшындардың** көзқарасымен жазылған тарих еді», — деген сөзді тігінен қаусыра **көк** қарындашпен сызыпты да, тұсына:

«Менің халқымның да тарихы солай **жазылды!**», — деп белгі **қойыпты**.

Тағдыр мен тарихтың арасындағы таным талқысы деген осы. Неру үнді ұлтын ағылшындардың отарлауынан азат ету үшін он екі жасынан бастап күресті. Ақыры ұлтын тәуелсіздікке жеткізді. Тұңғыш ұлттық тұтқа болды. Соның өзінде де өз тағдырына өзі иелік ете алмады. Тарих оған басқаша «сыбаға» берді. Әйтпесе, танымның талқысына салып, оның жандүниесі мен жүйкесін психологиялық тәуелділікке әкеп тели ме? Неру даналық мәйегінің нәтижесінде ғана өзінің жүйкесінің тереңінде ұялаған еуропалық «жек көрініштілікті» — рухани тәуелділік пен басыбайлылықты түсініп, діни сенім ретінде сіңіп кеткен көзқарасты, теріс тарихи көзқарасты әшкерелеп отыр. Мұны сол ұлтының мүддесі үшін, олардың да рухани дәрменсіздіктен құтылуы үшін жұртқа жария етті. Ал елінің азат күнін аңсаған, сол рухани тәуелділіктен құтқару үшін әлденеше рет жүрегі жаралаған Мұхтар да мұны мойындайды. Мойындағанда да леп белгісін қойып тұрып мойындайды. Сол леп белгісінің астарында оның бүкіл етжемі болған тағдырына деген ашыну жатыр. Мұның астарында Ресейдің тұңғыш «ұлттық философы» Петр Яковлевич Чаадаевтің:

«Мен өз отанымның басына **әңгіртаяқ** ойнатуға да дайынмын, оны **түңілдіруге** де дайынмын, тіпті қорлауға да дайынмын, тек оны алдай **көрмесем** екен деп жан-таласамын», — деп **сүйіп** тұрып күйінген, күйініп тұрып **сүйген** ұлтжанды азаматтың **қорлануы**, қорғануы, қораздануы, шабыты мен шамырқануы жатыр.

Ешкімге құпиясын ашпаған, бірақ өзі серт етіп ұстанған рухани азаттығының кепілі бұл.

Үш тұлға да сол сертпен өмір сүрген. Тарихи көзқа-растан гөрі тағдырын жоғары қойған. Үш данышпан да тәуелділіктің барлық түрінен рухани тәуелділікті — қауіпті басыбайлылықтың, санадағы құлдықтың, мәңгүрттіктің ұябұзар кесірі ретінде тіксіне бағалаған және соны жаны түршіге отырып сезінген. Ұрпақ психологиясының бұзылуы, олардың жанжүйесінің тәуелділікке бейімделуі, тәуелді ойлау жүйесі қатты алаңдатқан. Олар, телінген тарихи көзқарасты сіңіретін «сүмелек» психологияның қалыптасатынынан шошынған. Абайдың «Қорқамын кейінгі жас балалардан» деуінің де астарында сол қыжыл жатпаса не қылсын. Тағдыр мен тарихи көзқарас арасына «жалғанған жалғандықтың жі-

бін» (Абай) аңғарған. Өкінішке орай, бұл — күдікке емес, күбіртікке айналды. Әйтпесе, елінің де, тегінің де, өзінің де тағдырын тарихи көзқарасқа айырбастап, құлдық психологияның шылауына оранып, өзінің тексіздігіне соншама мастана сүйінген:

«Ағзалық тұрғыдан **алғанда** барлық адам бір-бірімен **тектес**. Мен жазып отырған пенденің **субъектің** айырмашылығы, олардың аяғы сәл қысқалау, мойыны морттықтау. Тән тәбеті **тұрғысынан** алғанда барлық елдер мен халықтардан пәлендей ерекшелігі жоқ. Бірақ менің жазып **отырғандарым**, саңырауқұлақ сияқты тағамды асқазаны қорыта алмайтындар. Алайда тек жағынан алғанда мүлдем басқа адамдар — олар осы уақытқа дейін өмір сүрмеген адамзаттың жаңа тұқымы. Еуропа **жұртының** көпшілігі **қайтадан** түлеп, Ағартушылықпен, Төңкеріспен **аласапыран** болып жатқан өткен заманда, біздің бабаларымыз **домбырасын** тыңқылдағып, өсек соғумен болды. Ғылымды былай қойғанда, олар жай ғана қарапайым дүниенің тетігін таппады. Адамзаттың **ең** алғашқы өнертабысы — дөңгелектің бар **екенін** біле тұра, олар сол дөңгелекті де дұрыс пайдалана алмады. Өйткені баратын жері де жоқ және жолғашығудың да қажеті болмады... Қазақтардың цивилизацияға араласуы кейбір жерде 50-жылдары, ал артта қалған аймақтарда 60-жылдары басталды да, есінен танғанша жанықты. Бұл науқан тек 70-жылдардың ортасында, қазақтар қалаға қоныстанып, орыстардың **кең** қолтығына (**бескрайней** русской стихии) емін-еркін кіріп кетуге рухани тұрғыдан дайын болған кезде ғана белсенді сыпат алды. **Орыстың** біліміне, орыстың кітаптары мен орыстың өмір сүру салтына қанағаттанбаған **қазақтың** жігіттері мен қыздары асқан құмарлықпен орыстарға ғашық болды, **сөйтіп**, олар жан-тәніменен бірге цивилизацияға сініп кетуге тырысты. Дәл сол жылдары нәсіларалық некенің саны адам айтқысыз көп болды... Менің **кейіпкерлерім** сол жылдары осынау бір таңғажайып әлемге, ақылы бар адамдар көріп-білмеген әлемге (удивительные края) топ-топ болып жаппай ағыла бастады... Орыстанып үлгергендер (әлгілердің балалары Т. Ж.) ғылым докторы атанды, **сөйтіп** қартайып та келеді. Ал цивилизацияға кейінірек **ілінгендер баласын** өсіріп жатыр... Ол балалар бір ауыздан: қазақтың тегі (казахское начало) орыстың тегіне қараған-

да шалымына келмейді — деп зар қағады. **Жаңа текті** қазақтар **өзінің** ана тілін орыс тілі деп есептейді, ал **өзінің** халқының өткені туралы ештеңе білмейді және **білгісі** де **келмейді**», — деген жолдар жазылмас еді.

Дәл осындай тексіз дүмбілездердің шығатынын Неру де, Әуезов те, тіпті Абылай мен Кенесары да болжаған. Әрине Қанат Қабдырахманов деген үрімінің оларды үлгі тұтарын білген жоқ.

Ұрпақтың психологиясындағы тексіздік — тексіз ұлттық топтың пайда болуына әкеп соқты. XX ғасырдың аяғында қазақ ұлтының үлкен бір құрамдас бөлігі ретінде шоғырланып шыққан бұл тобыр кәзір мемлекет басына келді, ұлттық экономиканы қолына алды, тек ұлттық идеология ғана олар үшін жұмбақ әрі олардың өздеріне қатты қауіп төндіріп тұр. Мұндай дәрежеге жеткен ұлттың да, ұлыстың да, ұрпақтың да тағдыры аянышты.

Талқыға түскен тағдырды тәлкекке салған — тарихи көзқарас. Ол ұлттың тағдырын шешіп берді. Арысы — үш ғасыр, берісі — жарты ғасыр бойы белсенді түрде жүргізілген, үгіт-насихат ақырында тұқыртып тынды.

Бұл саясатты біздің жыл қайыруымыздан 4 ғасыр бұрын қытай боғдыхандары өте әккілікпен пайдаланып, соңында аралас неке арқылы көшпелілер мен үйсін мемлекетінің тұқымын тұздай ерітіп жіберді. Түркі қағанатының да түбіне жеткен де сол бикештер мен битектілер. Тексіздікті тексіз тұқымға олардың тағдыры сиға тартты. «Орталық азиядағы адам: жаңа нәсіл ме әлде өлексе шата ма?» атты мақаланы («Наука Казахстана» 1994, № 17—18) Қанат Қабдырахманов қандай көзқараспен жазды, мәселе онда емес, мәселе — соның шындығында.

Қазақ ұлтын мұндай мүсәпір күйге түсіріп, күйінді еткен — әлемдік тарихи көзқарас. Уланған ұрпаққа өзге еріс қалмады. Тағдырдың тезіне көнді. «Олар бір-біріне ете ұқсас: сом тұлғалы, мойыны жуан, бірақ та өте мұңлы әрі дауысы мінгірлеп шығады». Мұндай күй кешкеннен гөрі, «домбыраны тыңқылдатып, өсек соғып» жатқан бабаларымыздың тіршілігі әлдеқайда кеш ілгері сияқты. Ұйқысының өзі қандай. Соның өзінде бір пандық жатыр емес пе. Жоқ! Бұл жалған! Жала! «Ақтабан шұбырындыға» түсіп жатқан Абылайдың заманында, «жарасын жалап өскен жаралы жолбарыс Ке-

несарының» (М. Әуезов) тұсында да қазақтар «домбырасын тыңқылдатып, ұйықтап» жатыр ма еді?

Арбасқан. Алысқан. Ашынған. Намыстанған. Бірақ бізге:

«Бұл дәуірдің, сол кездегі жұмбақ күнге жеткен елдің алдында тұрған құздан, алдында тұрған қайғылы **күнінен қорқып, қобалжып тұрып, ыңыранып**, күрсінген күйінің... Не болса да артқа қайтар күн жоқ. Өлімге кетсе де алға кететін болған соң — артқы бостандық, бірлік күніне қоштасқан **мезгілінің**»— **әдебиеті** ғана жетті. (М. Әуезов).

Тағдыры жетті, тарихы жеткен жоқ. Жеткізбеген тағы да сол тарихи көзқарас. Тарих — тарихи шындықты орнына қойып бере алмады. Өйткені, сол дәуірде тарихтың тегершігін айналдырып тұрған жаһаннамдардың (империялардың) мүддесіне бұл қайшы келетін. Олар дүниені ашса — алақанында, жұмса — жұдырығында ұстады. Тіпті Кенесары сияқты кекті, еркін көкжалдардың өзін:

«Сізден бұрынғы **орыстың** үлкендерінен зорлықтан басқа мархаматшылық көргеміз жоқ-дүр. Енді сізден мархаматшылық болар деген үмітіміз бар. Біздің бұл ғарызымызды падишаһқа жеткізіп, **біздің** өмірімізді өзімізге қайтарып алып берсеңіз, орыс, қазақтың көз жасының сауабына қалар едіңіз. Құдай бір, закон басқа-дүр»,— деп кішірейе тіл қатуға мәжбүр етті.

Сонда, өзінің өмірін біреудің қолына берген елде-елдік бола ма? Дәл осы сөзге қарап, Кенесарыны да «ұйықтап жатқан» қазақтың қатарына қосамыз ба? Бұл сөзді Кенесарыға айтқызып тұрған — тағдыр. Ұлтының тағдыры. Мәмілелік майда тіл — амалдап тәуелсіздікке жетудің бір жолы. «Құдай бір, закон басқа-дүр» дегізіп айтқызып тұрған да сол саясат. Әйтпесе, қазақ ұлты Жаратқан иеміз жаратқаннан бері жатқа телміріп, емірі мен еркіндігін өзгенің қолына беріп өмір сүрмеген. Батыр да өткен, бай да өткен, бағлан да өткен. П. Я. Чадаев:

«Құлдыққа құлдық ұрған ұлт — қасіретті ұлт. О л халық құл болу үшін жаратылған»,— дейді.

Ал қазақ ұлты — құл болу үшін жаратылмаған. Еркін ел, еніселі ер, «ел қамын ойлаған Едігелерді» тудыр-

ған ордалы мемлекет. Оны тәуелді етсе — Тәңір етті, тарих солай ұйғарды, тағдыр көндірді. Бір'ақ та азаттық рухы өлуге тиісті емес болатын. Сонда, 'еркін елге құлдық психологиясын сіңірген кімдер? Отаршыл тарихи көзқарас тағдырдың түйгіштегені аздай, енді «өмірін өзгенің қолынан ала алмай» жүрген ұлтқа тарихтың қаралы шапанын жапты. Оның 'анасын өшірді.

«Мәселе мынада: біз өзіміздің тарихы'мызға ешқашанда философиялық көзқарас тұрғысынан қарағамыз жоқ. Ұлтымыздың өмір сүрген кезіндегі бірде-бір ұлы оқиғаға ез мәнінде мінездеме берілмеді, тарихымыздың ұлы дәуірінің бірде-бір кезеңі байсалдылықпен бағаланбады: міне, осыдан барып, біздің бүтінгі ұлтжанды ақыл иелерінің қиялын тұмандатқан неше түрлі аңыз-елестер, лек-легімен лықсыған асанқайғышылдық, орындалмайтын болашақ туралы армандар туды». Ағылшын, француз, испан, Португалия, америка, қытай, неміс, ресей жұрты дүниені бөліске салды. Қай халықтың мандайына өзінің тегіне жат қандай сор бітсе, ол — сол өзін отарлаған елден жабысты. Жаһаннамдар өзара олжаға ырылдасса да тарихты жазуға келгенде діттегендері бір жерден шықты. Олар нәсілдік үстемдікті қалады. Ақыры ғылымда еуропалық көзқарас заң ретінде орнықты. Ал оны қалыптастырғандардың пиғылы аяр еді. Мұны орыстың тұңғыш ұлттық философы Петр Яковлевич Чаадаев сол кезде-ақ әшкереледі. Жалған тарихи көзқарасты сіңірушілер туралы ол:

«Осыдан елу жыл бұрын неміс оқымыстылары біздің тарихи жылнамаларымызды ашып берді: содан кейін Карамзин мұқым оқиғаның барысы мен біздің патшамыздың жеңістерін сыңғырлаған теңеулер арқылы баяндап шықты: ал қазір орта қол жазушылар, ескіні ебедейсіз дәріптеушілер және бірнеше дүмбілез ақындар — бойында неміс ғұламасына тән ғылыми парасатының, тағылымды тарихшыға тән әділетті жазатын қаламының жоқтығына қарамастан, біздің ешқайсымыз білмейтін және ешқайсымыз сүймейтін кезеңдер мен керітартпа қылықтарды әшекейлеп тірілтпек болады. Біздің ұлттық тарихымыздың қорытынды жетістігінің сиқы осындай. Мойындау керек, осының өзінен-ақ бізді күтіп тұрған тағдырдың талқысы туралы түйін түюге болады. Ендігі кілтипаның бәрі сонда: өйткені дәл осылардың пікірі бойынша біз бүгін тарихымыздың тұжырымын қалыптастыруға мәжбүрміз», — деп күйіне жазды.

Естеріңізде болсын, Чаадаев көшпелі, оларша айтканда, бұратана жұрттың емес, Ресейдің тарихын жазушыларды айтып отыр.

Өкінішке орай, әлгі ғалымсымақтардың барлығы таза орыс емес еді. Бірақ, солардан кейінгі тарихшылар да солар қалыптастырған тарихи көзқарастан шыға алмады, солардың шырмауында қалды. Ал ол тарихшылар— «патшаның жеңістерін» жазу арқылы князьдік, дворяндық лауазымдар алуды, не жерге ие болып қалудан дәне етіп, сый-сияпат күткен қарапайым ғана дәбірлер еді. Неру «менің елімнің тарихы ағылшындардың көзімен жазылды» деп нақтылап жазса, оның ішінде қазақ ұлтының тарихы орыстың емес, орысқа сіңген кірмелердің көзімен жазылды. Әрине, мұның барлығы Ресей империясының мүддесі тұрғысынан баяндалды. Ал асыранды баланың кекшіл келетіні белгілі. Ол өзінің өмірін өкіл әке-шешесінің көңілін табуға жұмсайды. Қалайда жағынып бағады. Бұл жолда ештеңеден тайсалмайды.

Қазақтың тағдырындағы ең үлкен сордың бірі осы. Тарихшыдан, таза қанды тарихшыдан жолы болмай-ақ қойды. Тарихтың тәлкегінің бірі сол емес пе: тағдырды желкелеп әкелді де, өзінің қызметшісі етті.

Көне «Русь пен Ұлы даланың» арасындағы хандық қақтығыстар мен қандық некелесулердің нәтижесінде (Қанат Қабдырахманов XX ғасырдың жетпісінші жылдарында ғана жаңадан пайда болды деп отырған) шаталардың — гибридтердің арғы «ата-бабалары» дүниеге келді. Олардың тобы әр ғасыр сайын толқын-толқын боп толығыға отырды. Келе-келе сол заманның «докторлары» шықты. Олар, әуеліде «мүләйімсіп, мұңлы күй кешкенімен», кейін самодержавиенің қайың безінен кептірілген шоқпарына, тұқыл тоқпағына айналды. Патшаның ішкі-сыртқы саясатын анықтады, бұған неміс пен голландықтарды, шведтерді, шотландтарды, италияндықтарды, тағы да толып жатқан ұлттан келіп сіңген кірмелерді қосыңыз. Петрдің реформаторлығының үйтқысы да солар. Ел басқару жүйесі мен ғылымы немістердің, әскери құрылымдар скандинавиялықтардың, сәулет өнері италияндықтардың ықпалына көшті. Чаадаев айтқан «неміс оқымыстыларының» қатарына бір бүйірден кеп Ұлы Даладан сіңген тұқымдар араласты. Олар, әрине, бетін шығысқа қаратты. Ата жұртына ала кездене қарап, өзінің ата жұртының тағдырын тарихи көзқа-

растың талқысына салды. «Сом тұлғаланып, мойыны жуандаған» сіңбелер:

«...Мен **өзіміздің** тарихи тегімізге қорлана кекесінмен қарайтындарды көргенде жүрегім қан жылайды: біздің ешқайсымыз, тіпті сол тектен шыққандардың өзі оны (тарихи ата тегін — Т. Ж.) құрметтемейді... Біз үшін ата-баба рухы өлген. Қандай сорлы **халықпыз!**», — деп Пушкин айтқандай бұқпантайға **көшті**.

Бұқпантайлап жүріп патшаның сарайына кіріп, жылнамасын ақтарып, тарихтың қан-жынын тазалады. Өз шежіресін құртып, өзгенің кірін жуды. Тарих үшін ең қауіпті адам — тарихты өз мүддесіне бейімдей баяндаған тарихшы, әлгі, Чаадаев көрсеткен «орта қол жазушылар, ескіні ебедейсіз дәріптеушілер, дүмбілез ақындар». Олар Ресейдің таным тарихына құт та әкелді, жұт та әкелді. Ақыры зиялы қауым батысшылдар мен славяншылар деген екі жікке бөлінді. Ол ХХ ғасырдың соңында тіпті бітіспейтін тарихи көзқарасқа айналды. Ал соңғы топқа жол салып бергендердің басында тұрғандардың дені — Ұлы Даладан ауып барған не сінген кірмелер еді. Соның ішінде, «Игорь жасағы туралы жырды» қолдан жазып шықты деп жүрген Мусин — Пушкинді, Карамырзаның тұқымы — Карамзинді, «Алтын орданың шоқынған» төресі, кейін Аш-тархан — Астраханнның губернаторы болған Татищевті даралап айтсақ та жеткілікті. Орыс тарихы бұларсыз жазылмайды, жазу да мүмкін емес. Өйткені олардың пікірлері мен жылнамалары түпнұсқа ретінде заңды түрде мойындалған. Қасиетті жазбаның құқығымен пара-пар. Үш-төрт ғасыр бойы әбден қырланып, сырланып, толықтырып, тереңдетіліп, кемеліне келген тарихи көзқарас болып табылады.

Біз, тегінде түркінің қаны бар тұқымдардың Ресей тарихын жазып бергеніне масаттанамыз, бірақ олардың езінің «тарихи тегіне қорлана кекесінмен қарағанына... оны құрметтемегеніне... ата-баба рухының өлгеніне», ең бастысы, қиянат жасағанына қиналамыз.

Мусин — Пушкиннің де, Карамзиннің де еңбектерінде Ұлы Далаға деген қастандық рухы жоқ еді. Ал, Татищевтің «тағы», «қарақшы», «бұратана», «қанішер», «қарғыс атқандар», «басурмандар» деген сөздеріне намыстанбай-ақ қояйық. Бұл сөздер қазақ дегеннің баламасы сияқты боп кетті ғой. Ол — мәдениеттіліктің белгісі,

кімнің ауызына қандай сөз түссе, ол соның өзінің ұсқынының бейнесі емес пе? Әрине, жеке адам емес, мемлекеттік тарихи көзқарас тұрғысынан бағалағанда, қорлық-ақ. Бірақ сол сөзді тарихи жазбаға падишаһтың өз қолымен жазып қоспағаны тағы да анық. Сондай-ақ:

«Татищевтің қолы тиген жылнамалар ойдан шығарылған «мәліметтермен» толықтырылғаны соншалықты, соңынан жылнаманы татищевтік тұжырыммен салыстырған тарихшылар көпе-көрінеу қиянаттарды көре тұрса да (соны қостап — Т. Ж.) кері сөйлеп жатты: өзі пайдаланып болған соң «жойылып кеткен» анағұрлым нақтырақ жылнамалар тізімі Татищевке мәлім болған екен деп хауесет таратты. Осылайша Татищев «беймәлім» деректердің көзін әрпіне дейін өзгертпей қағазға түсірген көшіруші болып шыға келгені де» **шындық**.

Осы шындықты отыз жасында әшкерелеген Олжасқа бүкіл империя тарихшыларының қарақұрттай қаптап, жабыла шаққанын түсінуге болады. Егер Татищевтің жалғандығы шығып қалса, онда империя тарихының іргетасы құламай ма, сөйтіп төрт ғасыр бойы жалған бояумен боялып, асқан ептілікпен және «мәңгілік қаланатындай» етіп реставрацияланған тарихтың беті ашылып қалмай ма. Мұндай ғадет тәуелсіздік алған соң қазақ тарихшыларының да арасынан нышан таныта бастады. «Сынықтан басқаның <бәрі жұғады> деген. Сондай-ақ, әлгі «орта қол жазушылар мен дүмбілез акындар да, ебедейсіз ескішілер де» шығыш жатыр. Соның бірі, мүмкін, біз болармыз. Бұл да тағдыр шығар. Бірақ біз тағдырды тарихқа телімейміз, телінген тарихи көзқарастан таза тағдырды тазалауға тырысамыз. Сондай «тазалануға» тиісті жазбаның бірі — Татищевтікі. Олжас Сүлейменов барынша каспағын қырыш бергендіктен біз оған тоқталмаймыз. Тек, осынау тағдыр айдап патшаның дәбірі болған Тәтіштің тұқымының «тырысқақтығының» нәтижесінде тексіз халық боп шыға келгеніміз күйіндіреді. Ол бүкіл көшпелі жұртты әу бастан Русьтің қас дұшпаны ретінде көрсетіп қана қоймай, соны тарихи көзқарас ретінде мықтап орнықтырып кетті. Қанат Қабдырахманов бүгін көргендей боп отырған «гибридтің» өз ұлтына көрсеткен «сый» осы.

Әрине, самодержавиенің «кең етек, тар қолтығына кірген» (Кенесарының сөзі) кірмелердің бәрін олай жазғыруға болмайды. Олардың арасында исі адамзат-

ТЫК ақыл-ойға, мәдениетке, ғылымға, әскери өнерге өшпес із қалдырғандар да жеткілікті. Баскаков пен Гумилевтің тізіміне бас ұрмай-ақ қояйық. Тек; Ресейдің патшаларының арғы тұқымдарында қыпшақтар мен құба қыпшақтардың кандарының барлығын, «Алтын ордадан» аманатқа кеп, патша сарайынан қайтпай қалған Шағатайдың тұқымы — Чаадаевті, Аслан — Селебидің тұқымы — Достоевскийді, Қарамырзаның тұқымы — Карамзинді, Орыс ханның тұқымдары — Урусовтарды, соңғы хан Ахметтің үрімі — Ахматова мен баласы Лев Гумилевті, Қазайның соңғы ханы Жәдігермен бірге шоқынғандарды — Менделеев, Бекетов, Шербатов, Түргенов, Куприн — Құлыншақов, Аксаков, Теміраниязов — Тимериязовтарды, патшаның тағын шайқалтқан Мұқанов пен Қаракөзовтерді тиіліге тиек етсек те жеткілікті.

Міне, бұларды тағдыр талқыға түсірді. Осылардың ішінен түркі жұртының тағдырына өшпенділікпен қарата! Достоевский мен орыстың ойлау жүйесін XX ғасырдың дәрежесіне көтерген, XIX ғасырдың ең данышпан, ең жұмбақ, патшаның уәзірі болудан жиырма жасында бас тартқан Шағатайдың тұқымы — Петр Яковлевич Чаадаевті тағдыр мен тарихи көзқарас туралы пікір талқысына араластыруға болады. Бір басының қайшылығы бүкіл шығармаларындағы қайшылықтардан да асып түскен Аслан — Селебидің. (Челебидің, түбірі — Селе, Салі, Селебе би болуы да мүмкін) тұқиянын қозғамай-ақ қоямыз. Ал Шағатайдың, демек Шыңғыс ханның ұрпағының пікірлерін ойымызды дамытудың қыл арқаннан етдген желісі етіп аламыз.

Оның бір тосын себебі де бар және Чаадаев тағдыр мен тарихи көзқарас туралы пікірге тұлға боларлықтай тумысты, текті тағдырдың иесі.

Ол өз тағдырын өз қолымен жасады, тарихи-философиялық көзқарасын ешкімге бұрмалатпады, тіпті, Пушкиннің өзіне де еркінсуге ерік бермеді. Грибоедовтің «Ақылдың азабындағы» Чацкийдің бейнесі ретінде келінген қайсар тұлға Николай I мен Бенкендорфтың да ығына жүрмеді, қырын келді. Патшаның отарлау саясаты мен басыбайлы жалған тарихи көзқарасты қалыптастыруын сынап Николайдың өзіне хат жазудан тайсалмады. Ол хатты Бенкендорф тықпалап, монархтан жасырып әлекке түсті. Бүкіл Ресейдің бекзадалары онымен бетпе-бет келуден сескенді. Өйткені Чаадаев Россияны және орыс ұлтын жан-тәнімен сүйетін, сондықтан да

Отанының жалған тарихпен, бір адамның ғана еркімен өмір сүруін қалаған жоқ. «Россия мәселесі», «орыс идеясы» деген ұғымды алғаш ғылыми бағыт ретінде қалыптастырған да, Ресейдің кешегісі мен бүгінгісін, ертеңін ашық талқыға салған да, түңғыш ұлттық философияның негізін қалаған да ақыры патшаға да бас имей, басындырмай өмір сүрген де — Шынғыс хан мен Шағатайдың тұқымы, нағыз отаншыл орыс Чаадаев болатын. Ол:

«Құдайға шүкір, мен өз отанымды өзімнің, мүддем үшін емес, оның мүддесі үшін сүйдім»,— дей отырып:

162. Еуропа үшін және **Россияның** өзі үшін соңғысының (**Ресейдің**) әлем тағдырын шешетін құдіретке ие болуы пайдалы деп ойлайсыз ба? 163. Еуропа Түркияның сақталып қалуын қалай ма, жоқ, **Россияның** құдіретті болуын қалауы керек пе еді, бұл басқа мәселе. 179. Түріктер — барып тұрған бұратаналар, бұл шындық: бірақта түріктердің бұратаналығы қалған дүниеге қауіпті емес, одан көрі басқа **халықтың** бұратаналығы әлдеқайда қатерлі. **Оның** үстіне, түріктердің бұратаналығымен **солардың** өз қонысында күресуге болады, ал ана бұратаналықпен күресу мүлдем басқа. Міне, мәселе қайда!»,— деп Ресей империясының бет пердесін ашып берді.

Иә, түркі жұртының бұратаналығынан гөрі төрткүл дүние үшін Ресейдің «бұратаналығы» әлде қайда қауіпті болатын. Ұлттың ұйытқысын құрайтын, барлық жаһангерлік соғыстың азабын тартып, қанын төккен 25 миллион азаматын басыбайлы құл етіп ұстауы — империяның бетіндегі сүйел еді. Патша, Достоевский айтқандай, «халықтың қасиетін, оның идеясын, үміті мен сенімін бойына жиған тұлға» емес-тін. Өз ұлтын құл еткен патшаның өзі де құлдық психологиядан арылмаған адам деген сөз. Міне, Чаадаев неге тітіркеніп отыр. Ол үшін әрбір орыстың рухы — азат рух болуға тиісті. Сондықтан да түріктің патшасынан, Ресейді шайқалтқан Наполеоннан, Кенесарының көтерілісінен гөрі адамзат үшін Россияның самодержавиесі әлдеқайда қатерлі дейді. Ресейдің мемлекеттік саясатқа айналып отырған тағылығын ауыздықтау қиын. Нағыз орыс рухы — орыстың азаттығы, орыстың рух бостандығы, бір орыс пен екінші орыстың тең тұрып сөйлесіп, тең дәрежеде өмір сүруі. Өз ұлтын осындай қорлық пен басыбайлылықта ұстаған мемлекеттің жат жұртты жарылқауы (мысалы, «қатын

патшаның»— Анна Иоановнаның «қазақтың аманжолдығына алуы»— Т. Ж.) кәдімгі, жәдігөйлік саясат қана деді.

Міне, нағыз орыс. Мұндай тұқымының қалғанына Шыңғыс хан мен Шағатай да өкінбейтін шығар Ол өз тағдырын өзі биледі. Жатты да, жақынын да тарихи көзқарастың қиянатының диірменіне жемтік қып тартқызыған жоқ Орысқа да, қазаққа да, жалпы дүние қауымына да қажет тұлға.

Мұндай тұлға қазақтан да шықты. Ол — Кенесары.

Қандай түйсік пен түлен түрткенін кім білсін, дәл осы тақырыпты күйттерде Чаадаев пен Кенесарының тағдырын салыстыра отырып ой қозғау мәселесі жадымнан шықпай қойды. Иә, абсурд, далбаса талпыныс. Дегенмен, қисындырып көрейік. Осы тұста үшінші тұлға да — ХХ ғасырдағы қазақ тарихшысы Ермұхан Бекмаханов та үшінші өлшем ретінде көкейімді тесіп тұрып алды. Қисынсыз-ақ қисын. Әңгіме тарих пен тағдыр туралы болғандықтан да, тарихи ойға, пікір дамытуға мұрындық салу үшін де тәуекелге барайықшы.

Иә, бірі — отарлаушы, бірі — отарланушы. Бірі — орыс, екіншісі — қазақ. Бірі — христиан, бірі — мұсылман. Бірі — оқымысты, бірі — жауынгер. Бірі — орыс тілімен гөрі француз, неміс, ағылшын тілінде еркін жазып-сөйлейді, екіншісі — ана тілінен басқаны білмейді. Әйел мәселесін қозғамай-ақ қояйық. Кенесары мен Чаадаевтың жас айырмашылығы — 6 жыл. Бірақ заманы бір.

Енді екінші уәжге көшейік: үшеуі де қаракөктің тұқымы. Нұрдан жаралған Шыңғыс ханға кіндіктері байланған. Чаадаев — Шағатай арқылы, Кенесары мен Ермұхан — Абылай, Жошы арқылы жалғасады. Тіпті, Чаадаев Шәрбәтовтардың жиені болуы тұрғысынан алғанда, ол Рюриктердің де қанын бойына сіңірген боп шығады. Чаадаев пен Кенесары тарихтың тәлкегіне ұшыраған тағдырлардың — ұлттың мүддесін қорғап самодержавиеге, Бекмаханов — империялық үстем көзқарасқа қарсы күресті. Үшеуі де отаншыл. Намысшыл. Қайсар. Идеясы үшін басын бәйгеге тіккендер. Үшеуіне де тарихи көзқарас кесірлі баға берді. Чаадаев пен Кенесарының есімі өлгеннен кейін бір жарым ғасырдан соң, Бекмаханов жарты ғасырдан соң мәшһүр болды. Оның өзінде де олардың есімін алдағы күннің қандай талқыға саларына көз жетпейді

Осы үшеуін тұтастандырып тұрған ең басты қасиет — тағдырға бас имегендігі, тарихи теріс көзқарасқа мойынсынбағандығы. Олардың тұлғасын жалған ғылымның тас-талқан ете алмаған өр рухы.

Міне, тек. Міне, тағдыр. Міне, біз нысана ететін тұлға. Тарихи көзқарасымызды осыларға қарап қалыптастыруымыз керек.

Тарихи тағдыр ұмытылған тұста — тарихи көзқараста түзелмейді. Тарихтың тағылымы да ескерілмейді. Біздің тарихи көзқарастың ыркында кеткеніміз сондай, тағдыры аршылмағандықтан да қазақ мемлекеті тәуелсіздік алған тұста Әлихан Бөкейханов негізін қалаған Қазақ мемлекетінің бағыт-бағдарын қаперімізге де алмадық. Соның нәтижесінде жер, экономика, тіл туралы ортақ ұйытқы таба алмай дағдарып қалдық. Ал мұның барлығының ізін Әлихан салып кетіп еді.

Әрине, тағдыр — тарихқа үкімін жүргізе алмайды. Бірақ сол тарихты тағдыр жасайды. Тек тарихи көзқарас — тұлғаның бейнесін тағдырдан аршып, дұрыс баға бергенде ғана заттылыққа ұласады. Наполеон мен Петр қаншама атыс-шабыстың ішінде жүрді, тіпті олардың өмірінің өзі соғыстан тұрады. Бірақ тарихи көзқарас Тұлғаны оқиғадан аршып алып, оларды дара адам ретінде, сахнаға шығарды. Қандай ғұлама жазбасын, олардың жеке басын, жекелеген жеңістері мен жеңілістерін сол тұлғаның тағдыры, көзқарасы арқылы бағалады. Керісінше, Кенесары туралы сөз болғанда оның тек атып кеткені мен шауып кеткені ғана қарпи қамтыла баяндалып, сол арқылы пікір қорытылады. Сөйтіп, Кенесары жаны тыныштық көрмейтін жаугер болады да шығады.

Біз, ең бірінші, Кенесарыға тарихи тұлға ретінде қарап, оның тағдырына тарихи көзқарасты орнықтыруымыз қажет. Содан кейін барып оның іс-қимыл әрекетіне пікір білдірсек лайық-ты. Төңкеріске дейінгі тарихшылар Кенесарының тұлғасына отарлаушының көзімен қарады да, сол тұрғыдан оның тағдырын баяндады. Төңкерістен кейін Кенесары бір сәт ақ бояумен боялды да, іле оған қара май жағылды. Кеңес империясының тарихшылары «кез-келген тарих — орыс ұлтының тарихы болуы тиіс» (Яковлев) деп талап қойды. Сол тұрғыдан Кенесарыға баға берді. Тіпті, талқыға Кенесарының жеке басы, тағдыры түскен жоқ, керісінше, жанталас-тарихқа теріс

тaрuxи көзқарасты қалыптастыру үшін жүргізілді. Әрине, бұл науқанда Бекмаханов уақытша жеңілді. Түрменің дәмін татты. Бірақ тарихи көзқарасты орнықтырып кетті.

Сөз басында ойды ширықтыру үшін айтылған: тарих — әділетсіз ғылым деген пікірді ортаға ой тастау үшін, қыранға тастаған қызыл сияқты, шақпақ етіп жақтық. Әділетті тарих — әділетті тарихи көзқарасты қалыптастырады. Әділетсіз тарихи көзқарас — тарихи әділетке қиянат жасайды. Түбінде бәрін де тарих өз орнына қояр. Ғылым іргесі қайтадан қаланар. Бірақ, әр нәрсені өз орнына қойғанмен де, қалағанмен де өткен күннің әділетсіздіктерінің тұсынан жел соғып тұрады. Тәуелді тарихи танымның дағын лазер сәулесімен де кетіре алмайсың. Қазіргі қазақ тарихи ғылымы сол күйді басынан кешіп отыр. Қашан тұлғалардың тағдыры аршылғанша уақыттың тұрлауы, заманның екпіні мен қас-қабағы, тіпті, ұлттық сананың өзі өзгеріп кетпесіне кім кепіл. Өйткені, ендігі тарихты жоғарыда айтылған «тексіз доктордың» ұлттық танымнан ада баласы жазбасына кім сенім білдіреді. Бұл қазірдің өзінде нышан танытқан, «массондық масандар» арқылы жонын көрсеткен шындық. Қытайдың мемлекеттік, ұлттық тарихи көзқарасын қалыптастырған, біздің жыл қайыруымыздан бұрын өмір сүрген ғұлама Мың-зы:

«Егер зауал Аспаннан келсе, онда одан құтылуға болады. Ал сол кесепат өзіңнің ішіңнен шықса, одан қашып құтыла **алмайсың**», — депті.

Шындығында да, кесірлік те, кесепат та, керенаулық та, тәуелді басыбайлылықтың психологиясы да біздің өз ішімізде, санамызда, жанымызда, көзқарасымызда. Ұлт боп, ұлыс боп өз тағдырымызды өзіміз қолымызға алмадық, тарихи әділет үшін әділетті көзқарасты қалыптастыру жолында — таным талқысында ашық майданға шықпай ықтап өмір сүрдік. Қазақ ұлты «аспаннан түскен зауалға» — ұлттық, рухани отарлану тарихына қарсы тарихи көзқарасты толық қалыптастыра алмады.

Ол — ол ма, біз әлі «өзіміздің ішіміздегі кесепатты» жеңе алмай жүрміз. Әйтпесе, ұлттық ортақ көзқарас жолында барлық қымбаттарымызды қиып, бір мүддеге топтасар едік қой.

Оған: Кенесарының ұлт-азаттық көтерілісінің соңғы қасіретті тұсын айналып өтіп, сипақтата баяндауымыз дәлел.

Оған себеп: ұлттық көзқарастың тұтастығының жоқтығы.

Өйткені, осынау тұсқа келгенде біз өзіміздің рулық, жүздік сезімімізді жеңе алмай, жалған намысымыз ұстап, жорта әруақ силаған боп, ұлттық мүддені рулық психологияға айырбастаймыз. Қырғыз тарихшылары бұл тұрғыдан алғанда әділетке жүгінді. Тарихи шындыққа тарихи көзқарасты орнатты. Қазақтар Кенесары қозғалысын, Кенесарының өзін жаппай жамырап қарғап жатқанда, Б. Жамгершинов іспетті ғұламалар оған қарсы шығып: Кенесары — патшалық самодержавиенің отарлау пиғылына қарсы күрескен тұлға, оның қозғалысы — ұлт азаттық күрес, ал көтерілістің жеңілуіне, ұлтының бостандығынан гөрі Кенесарыға деген жеке басының кегін қайтаруды қымбат санаған манаптар кінәлі деп бағалады. Қырғыз елі өз еркімен Ресейге қосылған жоқ. Өйткені Манастың түп-тұқияндары құл болу үшін жаратылмаған. Тек көзқарас бірлігі болмады. Қазақтар сияқты бұл ұлт та «аспаннан түскен зауалды былай қойып, ішіндегі кесепатты» жеңе алмады. Содан барып:

«Орысқа бағыну, елдің алдына ұсынған сыбағалы табақтай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды». (М. Әуезов).

Мұндай көнбістікке, бодандықтың «қайыс ноктасына» екі ұлттың бірдей басын сұғынуға мәжбүр еткен не? Себебі: елдіктің тұтастық сезімі көмескі тартты. Ұлттық намыс — рулық мүддеге айналды. Ортақ және белсенді тұлғалардың ықпалы жойылды.

Оны жойған, бірінші, отарлаушы империяның саясаты Алауыздықты сеуіп, іштен ыдырату — Кенесарының қозғалысынан екі-үш ғасыр бұрын, Қазан хандығының тұсында басталған қаскүнем әрекет болатын. Ресей империясының әккіленіп алғаны, түркі жұртының осал тұсын тауып, оны ептілікпен жүзеге асыра білгені сондай, кез-келген руды, кез-келген тұлғаны емеурінмен-ақ икемдеп отырды. Патшаның арандатушылары Алатауға Кенесарыдан бұрын жетіп, ұлы жүздің төрелері мен қырғыздың манаптарын арбап, алдын-ала Кенесарыға өшіктіріп қойды. Әр кім өз мүддесін, бас пайдасын күйтеді де ақыры еркін ұлт деген атынан айырылып, бодан

ел болып шыға келді. Екінші: отарлаушы саяеат ең бірінші «ел қамын ойлайтын Едігелерді» құртты, оның орнына ру мен ұслыстың батыры мен биін қолпаштады. Сөйтіп, Мұхтар Әуезов дәл басып айтқанындай, Кобыланды, Манас, Алпамыс сияқты «ұлы батырлардың» елдік, ұлттық бірлікке шақырған ерліктері мен іс-қимылдары «ескі әңгіме» сияқты елеске айналды да:

«...кіші батырлар заманында бұрынғы ұсақ рулар ескі бірлікті біржолата ұмытқандай кез болды. Біріне бірі жат болды. Сондықтан бұл кездің батыры (биі де — Т. Ж.) да бұрынғы пішіннен айырылғандай болды. Батырлық бұрынғы дәрежедеи томен түскендей, батыр (би — Т. Ж.) бұрынғыша түгел ел емес, не бір таптың, не бір кәсіптің (мүдденің — Т. Ж.) батыры (биі — Т. Ж.) сияқты еді. Осы бетімен батыр (би) аты сиреп, батыр (би) пішіні ел қиялында жүдей берді. Бұл замандардың батыры (биі) бұрынғысынша елдің тұтас елдігін білдіретін не болмаса елдің ескі өмірін, үміт, қиял, тілегін түгел білдіретін батыр (би)», — болмай қалды.

Яғни, ұлттың, тұлғаның тағдыры талкандалды. Елдік көзқарас өшіп, басыбайлы психология жанды баурай бастады. Еркін рух өлді. «Единица кеткен соң, не болады өңшен ноль» деп Абай жарықтық айтқандай, тарихи тағдырдан бұрын — теріс тарихи көзқарас қалыптасып үлгерді. Отаршыл пиғылдың арам шөбі азаттықтың астығынан бұрын себіліп, рухани азықты өсірмеді. Абай айтқандай:

Ермен шықты ит қылып,
Бидай шашқан егінге.

Тектеп келгенде: «Қоғамды алға жылжуға — шындық пен жалғанның арасында жалтандап жүргендер емес, олар >қыл көпірдің үстінде билеп жүрген жандар, керісінше, ділі қатал (принципті) адамдар мәжбүр етеді». (Чаадаев).

Тағдырын да, тарихын да талқыға салған Кенесарыға «біздің өмірімізді өзімізге қайтып бер» деп хат жаздырған да осы «қыл көпірдің үстінде билеп жүрген жандар», адам емес, жандар. Бұл тарихи шындық. Ал олар кімдер еді, ұлтты — сол ұлттың еркінсіз қалай құлдықтың құрығына түсірді, бұл басқа әңгіменің арқауы.

II. Ұлттық тұтастық идеясы және Азаматтық Мойынсынбау

Ұлттық Азаматтық Мойынсынбауға немесе Ұлттық Азаматтық Тұтастыққа жеткен ұлт — кемеліне келген ұлт. Мұндай рухани күш пен ұлттық сана-сезім, ұлттық мүдде бірлігіне ие ұлт өзін-өзі силай біледі және өзін өзгеге силата да біледі. Сондай биік тарихи таным дәрежесіндегі ұлт қана ұлт ретінде өмір сүруге құқылы. Бұл — ол ұлттың адамзаттың ортақ тарихына үлес қосуға қабілетті және өркениеттің әр мүшесі оның пікірімен санасуға міндетті деген сөз. Өйткені, мұндай құдіретті және ең қасиетті мінезге ие болуы үшін — сол халық өзінің бүкіл жаратылғаннан бергі таным мен тарихын талқыға салып: кешегісін, бүгінін, ертеңін анықтап, оған тәуелсіз таным арқылы әділетті баға беріп, ұлттың міндетін, парызын, даму бағытын өзің де, өзге де мойындайтындай етіп тарихи көзқарас қалыптастыру қажет. Тұтастық идеясына ақыл-ойға қабілетті сол ұлттың әрбір мүшесі қатысып, лебін қосып, өзінің идеяға қатысы барлығын сезіп, жауапкершілігі мен міндетін, парызын түсінгенде ғана Азаматтық, Ұлттық сыпат алады.

Тарих пен Тағдырдың қандай сыбаға ұсынғанына қарамастан, қазақ ұлтының дәл осындай қауымдастықтың қатарына қосылуға толық қақысы да, қабілеті де, мүмкіндігі де бар.

Себебі:

қазақ ұлтының ұйтқысы — әлеуметтік теңдікке құрылған, ұлттық мәйегі «тең атаның ұлы» ретінде ұйыған, тектік басыбайлылық жоқ, болған да емес;

өзін-өзі дербес ұлт ретінде сезіне білді, қалыптасқан тарихи сана мен дербестік жолындағы күрестің тарихи тәжірибесі бар, тарихи тамыры мен негізін және жалпы адамзат тарихына қатысты тұстарын есте ұстаған;

өзінің жағырафиялық, шекаралық, мүдделік көзқарасына орай саяси және экономикалық, рухани ықпалы барын сезінеді. Өзін-өзі қалыптасқан тарихи ұлтпыз деп есептейді және тәуелсіз мемлекет.

Бұл тәуелсіздікті үшінші рет алып отыр. Демек, азат ұлт атану үшін бар уақытта күресіп келген. Демек, кемеліне келген ұлтпыз деуге толық қақымыз бар..

Иә, қақымыз бар, бірақ кемелденіп болдық па? Міне, мәселе осында.

Азаматтық Мойынсынбау мен Азаматтық Ұлттық Тұтастық деген қасиетті ұғымды былай қойғанда, кәдімгі Ұлттық Мақтаныш (гордость) пен Ұлттық Намыс (достоинство) қалыптасты ма? Сіз де, мен де, ол да ойланбастан, иә, ойланбастан намыстанғансып жауап береміз. Менің ойымша, дәл 'осы намысымыз — жалған намыс. Айтыңызшы, сіздің, менің, оның намысын бірдей қоздыратын қандай ортақ көзқарасымыз бар? Ұлттың тәуелсіздігі туралы ой ма?

Бұл, біріншіден сан ғасыр бойы санаға сіңген, атабабамыздың аманаты. Өсиет, демек, идея солардікі. Екінші, тәуелсіздік — ұлттың дербес дамуының тарихи-құрылымдық даму жолы ғана. Ол — жүздеген ұлт пен ұлыстың ие боп отырған жетістігі. Ол біздік тарихи сыбағамыз.

Егер де, Азаматтық Мойынсынбау мен Ұлттық Тұтастыққа жетіп, ұлттық мақтанышымыз бен намысымыз қалыптасып болса, онда неге үш рет тәуелсіз Отан, еркін Ел, еңселі Ер деген құқықтан айырылып қалдық? Жоңғар шапқыншылығы тұсында сондай қасиетке жете қабыл ұлттық өрлеуді бастан кештік. Ал үш ғасыр бойы бодан империяға қарсы қазақтың біріккен қолы қашан және қай жылы, қай майданда шайқасып, тәуелсіздікті қорғады? Туымыз қай төбеде жығылды, ел иесі — ханымыздың тізесі қай жерде бүгілді?

Бізді шапқан, бізді тәуелді еткен кім? Патшаның қай қолбасшысы? Ұлттың тәуелсіздігі туралы кімге және кіммен мәмілеге келіппіз? Отанды отарлауға және отарлануға мәжбүр еткен қандай сыртқы күш. Антты: одақтас болу үшін бе, бодан үшін бе, жоқ, отар ел болу үшін бе, қайсысы үшін бердік? Оның заңдық құқығы қандай? Егер ел болып берген Ант болса, оның бір шарттары болмай ма? Бір мемлекет екінші мемлекетке тізе бүккенде, шабындыға түскенде, бодандық бағыныштылыққа өткенде патша мен патшаның, хан мен ханның, елші мен елшінің арасында уағдаластық, заңдық негіз болмай ма? Ондай тарихи құжат қайда?

Балтық жағалауының елдері Риббентроп пен Молотовтың жасырын келісімін әшкерелеп, Азаматтық Мойынсынбауы арқылы тәуелсіздігін қайтарып алды. Олар ешқашанда Ресейді отандасым — одақтасым деп есептемеді. Сондықтан да Ресейге тәуелді болдық деп мойынсынған жоқ, керісінше: екінші дүние жүзілік соғыста шапқынға түскен, күшпен жаулап алынған елміз, Ота-

нымыз жау қолында (оккупацияда) қалып отыр деп ашық айтты. Міне, Азаматтық Мойынсынбау, міне, ұлттық намыс (достоїнство). Демек, олар өздерін саяси тұрғыдан да, рухани тұрғыдан да азат елміз деп санап, дербес рухани күрес жүргізді, дербес тарихи көзқарас қалыптастырды. Өзін-өзі силата білді. Сөйтіп, ұлт ретінде тарих алдындағы міндетін өтеді.

Ал біз, енді ғана өз орнымызды жоқтап отырмыз. Мұның кесірін империядан көреміз. Жок, бізді Ұлттық Мойынсынуға, Ұлттық Намыс пен Мақтаныштың жойылуына, тарихи көзқарастың дұрыс қалыптаспауына алып келген империя емес, біздің өзіміз. Жердің қазынасын қазар, тасып әкетер, әкімшілігін жүргізер, егінін еккізер, бірақ бүкіл ұлт — өзін бір ұлт ретінде сезініп, рухани ұлттық тұтастыққа жетсек — дәл қазіргідей сенделісті бастан кешпеген болар едік. Дәл қазіргі күндегідей жүйкеміз қан қақсамас еді.

Біз өзімізді өзіміз ұлт есебінде сезінбедік, бодан елміз деп қарадық. Барлық ақыл-ойымызды, тұрмыс-тіршілігімізді, күн көрісімізді, мақсат-мүддемізді империяға карай езіміз бейімдедік. Иесіз кеңістікте қалған иесіз ұлт боп өмір сүрдік. Түркі жұртының әлемге жүргізген он бес ғасырлық үстемдігіне қазақ ұлтының да тікелей қатысы болды. Оол үстемдік қайда кетті, не сабак калдырды, неге күлдырап құлдык дәрежеге жетті? Оны да тарих істеді ме? Жок, біз тарихтан сабак алмадық. Ұлттық тұтастықты, ортақ мүддені қалыптастырмадық. Ұлттық мүддеге бойұсынбаған, ұлттық нысанасы анықталмаған, ұлттық рухани тұтастығы жоқ ұлт — ұлт емес, әуелі мемлекет болып мархадам таппайды. Ондай тобырдың үкімін тарих сол кезде-ақ шығарып қойған. Себебі:

«Мысалға алайық» **қалыптасқан** қолайлы жағдайға байланысты **өзінің** ырқымен құрылмаған, жағырафиялық **орналасудың** нәтижесінде орта **таңдамай-ақ** тұрақтап қалған бір халық ұлан-асыр аймақты мекендеп, өзі онша тырыспаса да бір дәуірде күдіретті халыққа айналып шыға келсін делік: әрине, бұл **таңғажайып** құбылыс, қалай сүйінсең де құба-құп, алайда тарих оған қалай баға береді? Негізіне үңілсең, бұл — тек қарапайым дерек қана, аса үлкен ауқымды қамтыған жағырафиялық белгі ғана, одан **өзге түк** те емес. Мұны тарих байқамайды да, оны өзінің жылнамасына тіркейді, содан кейін бетін жаба салады, сонымен бәрі де тәмәмдалады. Ал